



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

5. Выявление и устройство детей, оставшихся без попечения родителей, в 2000 г.М.: МО РФ, 2001. 11 с.
6. Масленникова В.Ш. Теоретические аспекты подготовки социального педагога в системе среднего специального образования. – Казань: КГУ, 1995. 93 с.

УДК 378:37.034

АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қалжан Нұрсұлтан

orynbasar_sharipova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі мамандығының 4
курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі-Шарипова О.Б.

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени — ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің де қоғам алдындағы басты борышымыз.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «...«Рухани құндылық, биік адамгершілік жоқ жерде үлкен өркениет орнату мүмкін емес» -дейді. Осы қасиетті міндеттер мен мақсатты жүзеге асыруда мектептің ондағы мұғалім – тәрбиешілердің атқаратын еңбегі ерекше. Қазір білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Әлемдік білім кеңестігіне кіру үшін оның алғы шарттары жасалуда. Білім мазмұнын жаңалау, құзырлылыққа бағытталған, ұлттық құндылықтар негізінде білім, тәрбие бере отырып, тұлға қалыптастыру, дарын көзін ашу сынды келелі мәселелер сөз жоқ, ұстаз-тәрбиеші жұмысын да жаңа арнаға бұруда. Ұлылардың өмірі мен тағылымы арқылы ұрпағын тәрбиелеу - әсіресе қазақ халқында ежелден-ақ келе жатқан үдеріс. Бұл жерде сөз өнерінің атқарған орны ерекше болған. Ұлтымыздың осы бір жақсы әдет-ғұрпы бүгінгі тәрбие үдерісінде, әсіресе жастарды ізгілікке тәрбиелеуде тиімді екені даусыз мәселе.

Адамзат ақыл-ойы, ақындығының ірі тұлғасы Абай тағылымы білімнің де, тәрбиенің де қайнар бұлағы екені түсінікті. Ұлы дананың қай шығармасын алмайық, оның алтын қазығы – Адам. Ол нағыз Адам, Толық Адам қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап береді. Мысалы, «Атымды Адам қойған соң қайтып надан болайын», «Адамды сүй, алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа» - дейді. «Адамды сүюден басқа қызық жоқ» деген пікірінде қазір көп айтылып жүрген ізгілік педагогикасының ұстанымдары жатыр.

Осы жерде жас ұрпақты тәрбиелеу ісі ең алдымен, оларды адамды сүюге баулудан басталуы керек деген тұжырым шығады. Абай мұрасы, тағылымының өміршеңдігін бүгінгі тәрбие үдерісінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер арқылы дәлелдеуге болады. Білім мен тәрбиені тұлғаға қарай бағыттап беру мәселесі алдында тұрған кезеңде Абайға бұрыласың. «Толық Адам қандай болу керек?» деген сұрақ ақынға маза бермейді. Мысалы, «Әуелі бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боларсың елден бөлек»- деп, ой тастайды. Ары қарай ақын: Үш – ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп, толық адамның қасиеттерін санамалап береді.

Ұлы Абай отырып, «Адамзатты сүю – хақтың жолы, ғаділеттің жолы» деген анықтама береді. Ақын адамды әкенің емес, адамның баласы болуға үгіттейді. «Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» - деп, ғибрат тастайды. Абай адамдықтың басты қасиеті-адамгершілік екенін баса жырлайды. Адамшылықтың алды – «махаббат, ғаделет, сезім» дейді.

Адамшылықтың тәрбие арқылы келетініне көз жеткізеді. Өмірін Абайды зерттеуге арнаған М. Әуезов былай дейді: «Абай сөзінің негізін адамгершілікке тірейді. Барлық өсиет

ой-толғау еңбектерінің қорытындысы тағы да адамгершілік тәрбие екенін танытады. Адамды қор қылатын ең залалды жаманшылықтарды санап өтеді.[1]

Олар үш нәрсе: «надандық, еріншектік, залымдық».

Абайдың шәкірті Шәкәрімде ең бірінші орынға арды қояды. Көппен көрген ұлы той деген сылтау тауып арға нұқсан келетін істің бәрін ақтап алатын қазақ болмысын сынайды:

«Ақылды сол - нысап пен ар сақтайды,
Арсыз сол - арамдықпен жан сақтайды.
Адал сол - таза еңбекпен күнін көріп,
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды».

Ынсап пен ардың қатар аталуы бұл екі ұғымның өзара жақындығы сабақтастығы туралы айтады. Адамда ынсап болса ар болғаны. Ынсапсыз адам арды ойланбай-ақ аттап кететінін меңзейді ақын бұл жолдарда. Адалдықпен адал асын алған жан нағыз арлы адам деп тұжырымдайды. Ар жоқта ынсап та болмайды, ынсап болмаса арда болмайды. Осы екі ұғымның бірлігін терең таниды:

«Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,
Анық төмен болмай ма хайуаннан.
Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан»

деген шумақтар да Шәкәрімнің ар ғылымына дәлел боларлық өлең жолдары. Шәкәрім ар түзейтін ғылым жағында. Ол «ар білімін» жақтайды. Соның аты озғанын қалайды. Оның «Таза ақыл», «ақ жүрек» дегені жай бір қысыр кеңес емес, адамгершілік Ізгілік, әділеттілік бар істе басты болуы керек. Анық таза бір елді көрмей өттім дейтіні де сондықтан. Шәкәрім өлеңдерін оқығанымызда тек «ар» ұғымына қатысты тұстарының өзі өте мол екеніне көз жеткіземіз:

... Арам оймен ар сатып үзіп-жұлмақ дегені арамдықпен ардың антогонистік ұғымдар екенін сездіреді. Арлы адам ешуақытта арамдық жолын таңдамайтыны анық. Адамдық негізі болып табылатын ар ұғымы ақында түрлі мағынада қарастырылады.

Адамшылық негізі ретінде көрініп, оны жоғалтпау үшін :

... Ар демек - адамшылық намыс деген,
Арың кетпес жағыңа қарыс деген.
... Ар, нысаппен іс қылып, азап тартып,
Ақ жолында өледі бірталай жан.- деген[2]

жолдарда ар намыс үшін азап тартып, жанын құрбан еткендердің жолын ақ жол деп тұжырымдайды. Сондықтан төменгі жолдарда көрінгендей, байлық, мансап арман емес, керісінше арманы, ары зор, адамгершілікті адам ұлы болу. Бұл тұрғыда данышпан Абаймен үндестігі сезіледі. Абай ата ұлы емес адам ұлы болуды мақсат етсе, Шәкәрім де «Адам» болуды өмірлік ұстанымы еткен:

... Арманым байлық, мансап, мақтан емес -
Ары зор, ата ұлы емес, адам ұлы.

Адам үшін ең қажеттісі – ар тазалығы мен адалдық, ақ ниеттілік пен адамгершілік.

Рухани-адамгершілік жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Рухани-адамгершілік негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады,

ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Адамгершілік мәдениетті қалыптастыру — бұл жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгерту, яғни ақиқатты тану, әлемге деген риясыз сүйіспеншілік, қоғамдағы дұрыс әрекет, ешкімге қиянат жасамау.

Жалпы адамгершілік құндылықтардың мәні мен мазмұндары көне заманнан бүгінге дейін философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылып, қоғам ерекшеліктері мен сұраныстарына орай талданып, жүйеленіп келеді. Өйткені, жалпы адамзаттық құндылықтар әрбір адамның ақыл-ой байлығының тікелей көрсеткіші. Сондықтанда болар, құндылықтың мәні мен табиғаты,

оның адам мен қоғам тіршіліктеріндегі алатын орны, жас ұрпақты тәрбиелеудегі ықпалы т.б. мәселелер ғалымдарды толғандырады анық. Еліміздегі болып жатқан өзгерістер оқушы жастардың мінез-құлықтарында бәсекелестік қабілетті қалыптастыруды талап етіп отыр. Жаңашылдық үстем құрған уақытта адамгершілік құндылықтары жүйесінің орны ауқымдылығымен сипатталуында. Мәселен, құндылықтарға бейімделу, мойындау, әрбір адамзатқа көңілінен орын алатын мәдениетті қарым-қатынас жасау жүйесі жеке тұлғаның өмірлік мәні, ой-санасы, бет-бейнесі болып табылады.

Құндылықтар туралы алғашқы түсінік ежелгі грек ғалымы Сократтан бастау алады. Сократ үшін құндылық «адамның өмірді бағалауы» екен. Ал, Аристотель «жақсылық», «игілік» ұғымдарын жағымды мінез-құлықты, рухани құндылықты бейнелеуде қолданды. «Ізгілік» сөзі салыстырмалы мағынада белгілі бір жағдайдағы адам үшін жақсылық, пайдалы нәрсе деп түсіндіріледі. Рухани-адамгершілікке тәрбиелейтін ғылым ретінде этиканы белгілеген. Аристотельдің пайымдауында «этиканың мақсаты – таным емес, ізгілікке үйрету. Этикалық зерттеулер рухани-адамгершілік дегеннің не екендігін білу үшін емес, осы рухани-адамгершілікке жетудің жолдарын үйрету үшін қажет, олай болмағанда бұл ғылымның пайдасы болмас еді» - дейді.

Адам өзін «адамдармен бірге» яғни адамдармен қарым-қатынаста тану барысында өз бойындағы махаббат, туыстық, достық, татулық, серіктестік, жолдастық, қайырымдылық, ізеттілік, сыйластық және т.б. құндылықтарын танып-зерттеуге және қалыптастыруға мүмкіндік алады. Адам өзін «табиғатпен бірге» яғни табиғат перзенті тұрғысынан тануда өз санасындағы табиғат, өмір, қамқорлық, үндестік, үйлесімділік, туған жер, сүйіспеншілік және т.б. құндылықтарының деңгейін анықтай алады және оларды өмірде жасауға ұмтылады. Адам өзін «қоғаммен бірге» яғни қоғамға қызмет ету тұрғысынан тану процесінде тарих, ел, атажұрт, халық, тіл, салт-дәстүр, рухани-мәдени мұралар, өнер, отан, әлем, халықтар достығы, ұжым, тәжірибе, ұрпақ, кәсібилік, бәсекеге қабілеттілік және т.б. құндылықтарды өз бойында қалыптастыру мен оларды практикада қолдану қажеттілігін түсінеді және белсенді жасампаздық әрекетке дағдыланады.

Сондықтан, қазіргі тәуелсіз елімізде ғасырлар бойы халқымыздың ұлттық санасынан орын алған адамгершілік құндылықтарды, яғни ізгілік, қайырымдылық, адалдық, әділдік, қарым-қатынас сияқты қасиеттерді, қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланыстырып, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің қайнар бастауы деп қарастыруға болады. Демек, «тәрбиесіз қоғам, қоғамсыз тәрбие өмір сүрмейді» заңдылығына сүйене келіп, өскелең ұрпақтың бойына қоғам талабына сай адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды мақсат еткен тәрбие үдерісі ғана уақытпен үндесіп, қоғам мен тәрбиенің өзара байланысын түзеді.

Қорытындылайтын болсақ, рухани-адамгершілік білім берудің маңыздылығы құндылықтарға негізделген кемел, ойы мен сөзі және ісі бірлікте болатын толық адамды тәрбиелеу.

Қолданылған әдебиет

1. А.Құнанбаев шығармаларының толық жинағы. - Алматы, 1954.
2. Ш.Құдайбердиев шығармалары. - Алматы, 1988.
3. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. - Алматы, 1986
4. Төлеубекова Р.К. Адамгершілік тәрбиесінің негіздері. Алматы, 1991
5. Табылдиев Ә. Халық тағылымы. Алматы. Қазақ университеті. 1992
6. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. Алматы, 1995

УДК 37.035.6

ЖАСТАРҒА АДАМГЕРШІЛІК - ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Қалжанова Аида Қалжанқызы
aida.alijan@mail.ru